

Жетісу облысы әкімдігінің «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Сарқан аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ҰЖЫМ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Сарқан қаласы

02.05.2025 жыл

Төраға: Директордың орынбасары Уаканов Биржан Жанбекович

Тақырып бойынша оқыту дәрісі - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, Жетісу облысы бойыншы экономикалық тергеп-тексеру департаментінің ұсынысындағы Жетісу облысының ауруханаларында орын алған аяқталған және өндірістегі қылмыстық құқық бұзушылықтарды жалпы жиналыста қызметкерлердің назарына жеткізу, сыбайлас жемқорлық қылмысына жол бермеу;

Баяндамашы: комплаенс-офицер Даутов Дидар Алимханович

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Сарқан аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының комплаенс-офицері Даутов Дидар Алимханович, Сарқан аудандық орталық ауруханасының қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша дәріс өткізді.

Жетісу облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментімен (Әрі қарай -Департамент) аяқталған және өндірістегі қылмыстық істер бойынша Жетісу облысындағы Денсаулық сақтау басқармасына карасты ауруханалардың қаржылық қызметіне қатысты талдау жүргізілген.

Талдау нәтижесімен Жетісу облысының ауруханалары қызметкерлерімен мемлекет қаражатын аса ірі көлемде және жүйелі түрде жымқыру, талан-таражға салуға бағытталған бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтар анықталған.

Атап айтқанда, 18.06.2024 жылы Кербұлақ аудандық сотының үкімімен ШЖҚ «Кербұлақ ауданының орталық ауруханасы» МКК-ның есеп-айырысу үстелінің есепшісі Л.Андакулова ҚР ҚК-нің 190-бабы 4-бөлігі 2-тармағымен кінәлі деп табылып, оған қатысты 5 жыл шартты түрде бас бостандығын айыру жазасы қолданылған.

Өз кезегінде тергеп-тексеру материалдары бойынша аталған аурухананың Есепшісі Л.Андакулова өзінің қызметін пайдалана отырып, 2020 жылдың қараша айынан 2023 жылдың қыркүйек айлары аралығында жеке басына мүліктік пайда алу мақсатында ауруханаға мүлдем қатысы жоқ 12 адамға жүйелі түрде бінеше рет жалпы сомасы 27 939 200 теңге заңсыз қаражаттар аударып, ол сомманы өзі тиеленіп, жеке бас пайдасына жаратқан.

Бұдан бөлек, Департаменттің өндірісінде аталған аурухананың есеп-айырысу үстелінің есепшісі Л.Андакулова және А.Тасыбаеваға қатысты ҚР ҚК-нің 189-бабы 4-бөлігі 2-тармағымен мемлекет қаражатын аса ірі көлемде жымқыру дерегі бойынша №253300121000002 қылмыстық іс тергелуде екені көрсетіліп отыр.

Жетісу облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің аудиторлық есептері бойынша 01.01.2021-01.11.2024 жылдары аурухананың 48 қызметкеріне жалпы сомасы 63 978 200 заңсыз аударылған.

Тергеп тексеру барысында, есепшілер Л.Андакулова және А.Тасыбаева жеке пайда алу мақсатында 3 жыл көлемінде аурухананың қызметкерлеріне жүйелі түрде заңсыз

қаражаттар аударып, қызметкерлер арқылы өздерінің жеке банктік есеп шоттарына жіберіп және қолма-қол алып отырғандығы анықталған.

Сонымен қатар Департаменттің өндірісінде СДТБТ-не ҚР ҚК-нің 189-бабы 4-бөлігі 2-тармағымен ШЖҚ «Талдықорған көпсалалы ауруханасы» МКК—ның аса ірі көлемде жымқырылу дерегіне қатысты №2333001121000046 қылмыстық іс тергелуде.

Жетісу облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 26.11.2024 жылғы №94 аудиторлық есебі бойынша 01.01.2023 - 31.03.2024 жыл аралығында 38 664 776 теңге 3 қызметкерге аурухананың кассасынан қолма-қол аванстық есепке (подотчет) заңсыз берілген.

Тергеп-тексеру барысында, қолма-қол аванстық есепке алу құжаты (подотчет) 3 қызметкермен алынбағандығы, яғни, жалған құжаттар жасау арқылы 38 664 776 теңгенің жымқырылғандығы анықталып отыр.

Бұдан бөлек, 01.01.2017-31.12.2022 жыл аралығында 112 858 486 теңге аурухананың кассасынан 19 қызметкерге қолма қол аванстық есепке беріліп, соңғыларымен бұл сома алынбағандығы анықталды.

Қолма-қол алынған аванстық сомалар аурухананың есепшісі У.Ю.Поповамен «1-С Бухгалтерия» бағдарламалық жүйесінде жалған мәліметтер енгізіліп, қаражаттар жымқырылған.

Құрметті әріптестер өкінішке орай осындай заң бұзушылықтарға жол берілген. Көріп отырғандарыңыздай істеген қылмыстар үшін адамдар қылмыстық жазаға, жауапкершілікке тартылған. Қылмыс түбі жаза екенін білесіздер. Әрдайым қаражаттың жымқырылуына жол бермеуге, сыбайлас жемқорлық қылмыстарына жол бермеуге тиіссіздер.

Сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаған адам белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырылады және мемлекеттік қызметке және квазимемлекеттік секторға жұмысқа орналаса алмайды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің call-орталығының нөмірі – 1424, оған кез келген адам өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлай алады. Қоғамымыз жемқорлықсыз болу керек.

Медициналық қызметкер деген ізгі мамандық, елге көмек көрсету, адам денсаулығын, өмірін сақтап қалуға септігін тигізіп, ажалдан арашалаушы дәрігер мамандығын халқымыз ежелден қастерлеп, құрметтеген. Қазақ халқымызда қарғыс алмай алғыс ал деген сөз бар, әр кез адал, дұрыс жүрулеріңізді өтінемін, халықтың құрметінен айырылып қалмаңыздар.

Төраға: _____ Уаканов Биржан Жанбекович

Хатшы: _____ Макенова Айнур Танатовна

Комплаенс-офицер: _____ Даутов Дидар Алимханович

Таныскандар тізімі:

№	А.Ж.Т	Лауазымы	Қолы
1	Ахметова К.О	невролог	Ах
2	Ахметова В.В	онко	Ах
3	Ахметова В.В	нео	Ах
4	Ахметова А.	инженер	Ах
5	Ахметов А.	инженер	Ах
6	Ахметов А.В	терапевт	Ах
7	Ахметов Н.К	ВОП	Ах
8	Ахметов Мама	невро	Ах
9	Ахмет Н.О.	ВОП	Ах
10	Ахметов Марат М	стоматолог 2	Ах
11	Ахметов С.А	хирург	Ах
12	Ахметов А.А	стомат	Ах
13	Ахметов А.А	ст. лаборант	Ах
14	Ахметов В.В	инженер	Ах
15	Ахметов Н.М	ВОП	Ах
16	Ахметов А.	ВОП	Ах
17	Ахметов А.	врач з.н.	Ах
18	Ахметов В.В	инженер	Ах
19	Ахметов С.С	хирург	Ах
20	Ахметов А.А	терапевт 2	Ах
21	Ахметов А.А	А.О.	Ах
22	Ахметов М.М	инженер	Ах
23	Ахметов М.С	эпидемиолог	Ах
24	Ахметов Е	ВОП	Ах
25	Ахметов Н.Н	лаборант 1	Ах
26	Ахметов В.В	хирург	Ах
27	Ахметов А.А	невролог	Ах
28	Ахметов А.А	врач	Ах
29	Ахметов В.В	инженер	Ах
30	Ахметов А.А	терапевт	Ах
31	Ахметов А.А	хирург	Ах
32	Ахметов А.А	инженер	Ах
33	Ахметов А.А	инженер	Ах
34	Ахметов А.А	инженер	Ах

[illegible]